

«Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы ғылыми ізденістерге баулу» атты облыстық шеберхана

2025–2026 оқу жылында Байғанин ауданы Қарауылкелді орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Гүлдана Бақытжанқызының жетекшілігімен «Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру арқылы ғылыми ізденістерге баулу» тақырыбында облыстық шеберхана жұмысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты – ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің теориялық және практикалық білімдерін ұштастыра отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау, тілдік пәндерді оқыту барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру жолдарын таныстыру, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және ғылыми ізденіске бағыттау бойынша тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру.

Шеберхана жұмысына облыстың аудандық және қалалық мектептерінен келген ағылшын тілі пәні мұғалімдері қатысты. Барлығы 11 педагог.

Шеберхана барысында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру, ғылыми жобаларға баулу, оқу үдерісінде белсенді оқыту әдістерін қолдану және оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді жолдары, зерттеу мәдениетін қалыптастыру, академиялық жазылым талаптары және заманауи педагогикалық тәсілдерді сабақта қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

Тәжірибелік бөлімдерде қатысушыларға түрлі тренингтер, шеберлік сабақтары мен практикалық жұмыстар ұсынылды. Атап айтқанда, «Name Game», «Active Learning in the Classroom: Strategies and Examples», «Project-Based Learning», «Inquiry-Based Learning: Engaging Students in Research», «Move & Mind Challenge» тренингтері арқылы оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер көрсетілді. Сонымен қатар «Effective Research Techniques & IMRAD Structure», «Ғылыми-зерттеу негіздері: мектеп оқушылары арасында ғылыми жобаларды ұйымдастыру», «Тілдік пәндерді оқытуда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру», «Ғылыми зерттеу жұмыстарына арналған ғаламтор дереккөздері» тақырыптарында зерттеу жұмыстарын жүргізудің кезеңдері мен талаптары түсіндірілді.

Шеберхана аясында академиялық және шығармашылық жазылымға ерекше назар аударылып, «Essay as a Creative Work: Requirements and Conditions» тақырыбында эссе жазудың талаптары мен шарттары таныстырылды. Сонымен қатар «Advertisement Technique», «Taboo» ойыны және «Who Am I?» тренингі арқылы қатысушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.

Рефлексия бөлімдерінде «To Me... To You...», «Guess the Song by Emojis», «From Learning to Practice: Reflecting on Three Approaches» жұмыстары ұйымдастырылып, қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, алған білімдері мен әсерлерін талқылады.

Шеберхана барысында мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруға бағытталған заманауи әдістемелік бағыттар ұсынылды. Қатысушылар зерттеушілік мәдениетті қалыптастыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және ғылыми жобаларға қызығушылығын дамытуға ықпал ететін практикалық дағдылар мен тиімді әдіс-тәсілдерді меңгерді.

Облыстық шеберхана жұмысы ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, тиімді педагогикалық тәжірибелерді таратуға және оқушыларды ғылыми ізденіске баулудың нәтижелі жолдарын насихаттауға бағытталған маңызды әдістемелік алаңға айналды.

Областная творческая мастерская на тему «Развитие познавательной активности учащихся через приобщение к научно-исследовательской деятельности»

В 2025–2026 учебном году под руководством учителя английского языка Карауылкелдинской средней школы Байганинского района Гулданы Бакытжановны была проведена областная творческая мастерская на тему «Развитие познавательной активности учащихся через приобщение к научно-исследовательской деятельности».

Цель мероприятия – создание условий для развития творческих способностей учащихся посредством интеграции теоретических и практических знаний учителей английского языка, ознакомление педагогов с эффективными способами организации научно-исследовательской деятельности в процессе преподавания языковых дисциплин, повышение познавательной активности учащихся и формирование площадки для обмена профессиональным опытом по их вовлечению в исследовательскую деятельность.

В работе мастерской приняли участие учителя английского языка городских и районных школ области. В ходе мастерской были рассмотрены вопросы формирования исследовательских навыков обучающихся, привлечения школьников к научным проектам, применения активных методов обучения в образовательном процессе и развития критического мышления учащихся. Кроме того, участникам были представлены методические рекомендации по организации исследовательской деятельности, формированию исследовательской культуры, соблюдению требований академического письма и использованию современных педагогических подходов на уроках.

В практической части были проведены различные тренинги, мастер-классы и практические занятия. В частности, в рамках тренингов «Name Game», «Active Learning in the Classroom: Strategies and Examples», «Project-Based Learning», «Inquiry-Based Learning: Engaging Students in Research», «Move & Mind Challenge» были продемонстрированы эффективные методы и приёмы, направленные на активное вовлечение учащихся в учебный процесс. Также в рамках тем «Effective Research Techniques & IMRAD Structure», «Основы научно-исследовательской деятельности: организация научных проектов среди школьников», «Организация научно-исследовательской работы учащихся при обучении языковым дисциплинам», «Интернет-ресурсы для научно-исследовательской деятельности» были подробно рассмотрены этапы и требования к проведению исследовательской работы.

Особое внимание было уделено академическому и творческому письму. В рамках темы «Essay as a Creative Work: Requirements and Conditions» участники познакомились с требованиями и условиями написания эссе. Кроме того, посредством методики «Advertisement Technique», игры «Taboo» и тренинга «Who Am I?» были выполнены задания, направленные на развитие коммуникативных навыков участников.

В рефлексивной части мастерской были организованы мероприятия «To Me... To You...», «Guess the Song by Emojis», «From Learning to Practice: Reflecting on Three Approaches», в ходе которых участники обменялись опытом, обсудили полученные знания и поделились своими впечатлениями.

В рамках мастерской был организован обмен опытом между педагогами, представлены современные методические подходы к эффективному планированию и реализации научно-исследовательской деятельности учащихся. Участники получили практические рекомендации, способствующие формированию исследовательской культуры, повышению познавательной активности школьников и развитию их интереса к научным проектам.

Областная творческая мастерская стала важной методической площадкой, направленной на совершенствование профессиональной компетентности учителей английского языка, распространение эффективного педагогического опыта и популяризацию результативных подходов к приобщению учащихся к научно-исследовательской деятельности.

